

ЭКОНОМИКА: ТАРИХ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА
ЭКОНОМИКА: ИСТОРИЯ, ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА
ECONOMY: HISTORY, THEORY, PRACTICE

FTAXP 06.71.45
ӨОЖ 33. 336.13
JEL I22

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-4-9-24>

РАХИМОВА Г.А.,^{*1}

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: ragulmira48@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-6004-3569

ТУСИБАЕВА Г.С.,²

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: igulmira_80@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6004-3569

ИСКАКОВ Б.М.,³

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: Iskakov82@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3989-7631

БАЙТУОВА Л.Т.,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: 1701.86@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4617-5696

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан

²Қ. Құлажанов атындағы Қазақ
технология және бизнес университеті,
Астана қ., Қазақстан

³Тұран-Астана университеті,
Астана қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕҢСІЗДІК:
ОНЫҢ БІЛІМ САПАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН ТАЛДАУ**

Андатпа

Білім берудегі қаржылық теңсіздік – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Ол оқу нәтижелеріне әсер етіп, мүмкіндіктер, ресурстар және білім нәтижелері арасындағы теңсіздікті күшейтеді, сайып келгенде, жалпы экономикалық өсуге кері әсерін тигізеді. Бұл зерттеу мақаласында еліміздің білім беру жүйесінде орын алған қаржылық теңсіздік проблемасы қарастырылады. Аталған проблема халықтың басым бөлігінің сапалы білім алуына қолжетімділігінің шектелуімен көрініс табады. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасындағы қаржылық-экономикалық көрсеткіштер (халықтың кірістері, білім беруге жұмсалатын мемлекеттік және жеке шығындар) мен білім беру қызметтерінің сапасы арасындағы өзара байланысты анықтау, осы негізде теңсіздікті төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Жұмыста білім беруді дамытудың қаржылық аспектілеріне талдау жасалып, мемлекеттік және жеке қаржылық инвестициялар, халықтың табысы және олардың білім сапасына әсері зерттелді. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңыздылығы орта мектеп түлектерін даярлау сапасын арттыру және әлеуметтік ұтқырлықты (мобильділікті) қамтамасыз

ету үшін нақты ұсыныстар әзірлеуде. Ұсынылып отырған шаралар мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыру үшін олардың құрылымын қайта қарау, ҰБТ-ға сапалы дайындыққа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету тетіктері, сондай-ақ білім беру нәтижелеріндегі өңірлік алшақтықты азайту мәселелерін қамтиды. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының, Ұлттық білім беруді бағалау орталығының, ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен Қаржы министрлігінің, Ұлттық тестілеу орталығы, сондай-ақ Дүниежүзілік банктің материалдары пайдаланылды. Ұсынылған ұсыныстар мемлекеттік органдарға білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлеуде және жеке құрылымдарға да пайдалы болуы мүмкін.

Тірек сөздер: қаржылық теңсіздік, кірістер, шығыстар, инвестициялар, білім беру, тәуелділік, талдау, бағалау.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда қаржылық теңсіздік мәселесі күн сайын өзектілігін арттыруда, себебі бұл құбылыс адамдардың өмірінің әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етеді. Әлеуметтік топтар арасындағы қаржылық алшақтық деңгейінің өсуі сапалы білім беру ресурстарына қолжетімділіктің төмендеуіне әкеліп, бұл өз кезегінде әлеуметтік ұтқырлық пен қоғамның тұрақты дамуына кері әсерін тигізеді.

Қаржылық теңсіздік табыс деңгейіндегі, ресурстарға қолайлы айырмашылықтар арқылы көрініс табады және бұл әлеуметтік ұтқырлық пен қоғамның орнықты дамуына ықпал етеді.

Экономикалық тұрақсыздық пен жаһандық өзгерістер жағдайында қаржылық теңсіздіктің білім беру қызметтерінің сапасына қалай әсер ететіндігі туралы мәселе елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімді стратегияларын қалыптастыру үшін аса маңызды мәнге ие.

Бұл зерттеудің мақсаты: қаржылық теңсіздік деңгейінің білім сапасына әсерін талдау және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- ♦ білім беру жүйесінің ағымдағы көрсеткіштерін және қаржыландыру көздерін талдау;
- ♦ елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін және халықтың табысын бағалау;
- ♦ табыс деңгейі мен білім беру қызметтерінің сапасы арасындағы байланысты анықтау;
- ♦ сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізу.

Көптеген отандық және шетелдік авторлар өз жұмыстарында отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын және әлеуметтік отбасылық капиталдың оқушылардың оқу үлгеріміне әсерін талдаған [1–2]. Кейбір зерттеулер сапалы білім алуға кедергі келтіретін әлеуметтік тосқауылдарға арналған [3]. Отандық және шетелдік авторлардың зерттеулері сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселелеріне, оқытудың сапасы арқылы білім сапасына зерттеу жүргізуге арналған [4–8]. Көптеген зерттеулер өңірлердегі кірістерді бөлу мен білім берудегі теңсіздікті бағалауға арналған [9]. Алайда бар зерттеулердің көпшілігі бұл мәселенің жекелеген қырларын ғана талдаумен шектеледі немесе оны тар аяда қарастырады. Сондай-ақ, қаржылық теңсіздіктің білім беру нәтижелеріне әсер ету тетіктеріне жүйелі талдау мен жеткілікті эмпирикалық деректер базасы әлі де жеткіліксіз болып отыр.

Осыған орай, қаржылық теңсіздіктің білім сапасына әсер ететін негізгі факторларын анықтап, оның жағымсыз салдарын азайтуға бағытталған практикалық ұсыныстарды әзірлеу үшін кешенді зерттеу жүргізу қажеттілігі туындайды.

Осылайша, осы зерттеуді жүргізу экономикалық факторлар мен оқыту нәтижелері арасындағы байланыс туралы қолданыстағы білімді толықтыруға, сондай-ақ білім беру жүйесіндегі қаржылық теңсіздіктің жағымсыз әсерлерін жою бойынша практикалық іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Қазақстанда білім беру жүйесін дамытуға бағытталған мемлекет тарапынан ауқымды инвестицияларға қарамастан, сапалы білімге қолжетімділік мәселесіндегі теңсіздік өзекті болып қала беруде. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында халықтың табыс деңгейі білім беру қызметтерінің сапасына айтарлықтай әсер етеді. Бұл аталған факторлар арасындағы өзара байланысты жүйелі түрде талдаудың қажеттілігін айқындайды. Табыс деңгейінің білім са-

пасына қалай әсер ететін тетіктерін түсіну – әлеуметтік теңсіздікті азайтуға және білім беру нәтижелерінің деңгейін арттыруға бағытталған тиімді шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің нысаны – Қазақстандағы қаржылық теңсіздік деңгейі мен білім сапасы арасындағы өзара байланыс. Зерттеу пәні ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, халықтың табыстары және берілетін білім беру қызметтерінің сапасы қарастырылады.

Зерттеуде келесі әдістер қолданылады:

- ◆ деректердің аналитикалық және статистикалық талдауы;
- ◆ салыстыру әдісі;
- ◆ деректерді визуализациялау;
- ◆ құжаттар мен ақпарат көздерінің контент-талдауы;
- ◆ табыстардың білім сапасына әсер ету дәрежесін бағалау үшін корреляциялық және регрессиялық талдау.

Деректерді өңдеу үшін SPSS бағдарламалық қаптамасын қолдану жоспарлануда. Ақпарат көзі ретінде 2020–2024 жж. аралығындағы мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректері, мерзімді басылымдардың материалдары, сондай-ақ отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері пайдаланылды.


Зерттеу жүргізудің кезеңдері:

1. Білім беру жүйесінің ағымдағы жай-күйін, қаржыландыру көздерін және білім беру қызметтерінің сапа деңгейін жүйелеу және талдау.
2. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін, халықтың табыс деңгейін зерттеу.
3. Корреляциялық және регрессиялық талдау арқылы табыс деңгейі мен білім сапасы арасындағы байланысты анықтау.
4. Білім беру саласындағы теңсіздік деңгейін төмендету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.

Зерттеу нәтижелері халықтың табыс деңгейінің Қазақстандағы білім беру қызметтерінің сапасына әсер ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әртүрлі табыс деңгейлерінде білім сапасын арттыруға ықпал ететін немесе кері әсер ететін негізгі факторлар анықталады. Бұдан бөлек, білім беру саласындағы саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар әзірленеді.

Нәтижелер мен талқылау


2020 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінен білім беру саласына жұмсалатын шығындар тұрақты түрде өсіп келеді. Мысалы, 2024 ж. білім беруді дамытуға мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 2 есе артып отырғанын (1-сурет) көруге болады.



Сурет 1 – Қазақстанда білім алуға арналған мемлекеттік бюджеттің жалпы шығыстары, трлн теңге

Ескертпе: Авторлар [10] дереккөз негізінде құрастырған.


Соңғы жылдары Қазақстан білім беру саласына ЖІӨ-нің 4%-ын жұмсап келеді, Тек 2025 жылға қарай білім беру мен ғылымға жұмсалатын шығындардың үлесін ЖІӨ-нің 7%-ына дейін арттыру жоспарланған болатын (2-сурет). Салыстырып қарайтын болсақ, Норвегия бұл салаға ЖІӨ-нің 8%-ын, Швеция – 7,7%-ын жұмсаған. ЭЫДҰ елдерінің ЖІӨ-нің орташа көрсеткіші – 4,9%, соның ішінде білімге бөлінетін жалпы шығынның 69%-ы бастауыш және орта білімге бағытталады [11]. Айта кету керек, даму үстіндегі елдерде де соңғы жылдары білімге жұмсалатын мемлекеттік шығындар айтарлықтай өсті. Әлеуметтік даму көрсеткіштеріне сәйкес, соңғы 5 жыл ішінде Вьетнам бұл мақсаттарға ЖІӨ-нің 4,2%-ын, Колумбия – 4,5%-ын, Бразилия 6,2%-ын жұмсаған. Швецияның грант бойынша бір студентке мемлекеттік шығыны жылына 21,8 мың долларды, Норвегия – 23,5 мың долларды, Бразилия – 4,9 мың долларды, Вьетнам 2,1 мың долларды (халықаралық доллар, ПОҚ деректері бойынша) құрайды [12]. 2024 жылғы білім деңгейінің индексі бойынша әлем елдерінің рейтингінде Қазақстан 33-орында, Норвегия 12-орында, Швеция 26-орында [13].



Сурет 2 – Қазақстанның ЖІӨ-нен білім алуға арналған шығыстардың үлесі, %

Ескертпе: Авторлар [14] дереккөз негізінде құрастырған.

Республикалық бюджеттен білім беруді дамытуға бөлінетін мемлекеттік қаржының жалпы көлемінен мамандардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға арналған шығыстар 2023–2024 жж. небәрі 1%-ды, ал педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар шамамен 1%-ды құраған (3-сурет).



Сурет 3 – Білім беруге, оның ішінде 2023–2024 жж. мектеп мамандарын, педагогтерін қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға арналған мемлекеттік шығыстардың негізгі бағыттары, млрд теңге

Ескертпе: Авторлар [14, 15] дереккөз негізінде құрастырған.

Мамандарды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға, мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыруға 2023 ж. – 16,2 млрд теңге, 2024 ж. 13,2 млрд теңге бөлінген (4, 5-сурет).



Сурет 4 – 2023 ж. мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға жұмсалған шығындардың мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыруға арналған республикалық бюджет шығындарының үлесі, %


Ескертпе: Авторлармен [14, 15] дереккөз негізінде құрастырылған.



Сурет 5 – 2024 ж. мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға жұмсалған шығындардың мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыруға арналған республикалық бюджет шығындарының үлесі, %

Ескертпе: Авторлармен [14, 15] дереккөз негізінде құрастырылған.


Атаулы ақшалай табыс жан басына шаққанда жыл сайын өсіп келеді (6-сурет). Орташа жылдық өсім қарқыны 18,9%-ды құрады. 2022 ж. ақшалай табыстың ең жоғары жылдық өсімінің өскенін байқауға болады.



Сурет 6 – 2020–2024 жж. аралығындағы халықтың атаулы ақшалай табыстарының динамикасы, теңге

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

7-суреттен байқағанымыздай, 2024 ж. мемлекет тарапынан бөлінетін білім беру гранттарының саны екі есеге жуық, яғни 79%-ға артқан. Бұл грант арқылы жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады.



Сурет 7 – 2020–2024 жж. аралығында бөлінген білім гранттарының санының динамикасы, мың дана

Ескертпе: Авторлармен [14, 15] дереккөздер негізінде құрастырылған.

Білім саласын қаржыландыру, халықтың жан басына шаққандағы орташа табыстары мен білімге жұмсалған шығындары туралы барлық деректерді 1-кестеге жинақтап, SPSS бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, осы көрсеткіштер мен білім сапасы арасындағы байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау жүргіземіз. Білім сапасының көрсеткіштері ретінде «ҰБТ орташа ұпайы» және «грантқа түскендердің саны» алынады.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шығындары, халықтың жан басына шаққандағы орташа табыстары мен білімге жұмсаған шығындары, сондай-ақ білім сапасының көрсеткіштері

Жылдар	Мемлекеттік шығындар (трлн теңге)	Халықтың жан басына шаққандағы орташа табыстары, жылына теңге	Халықтың жан басына шаққандағы білім беру шығыстары, жылына теңге	ҰБТ орташа баллы	Грантқа түскендер саны
2020	3,7	1393512	357144	64	32000
2021	4,6	1567392	485256	72	56000
2022	5,0	1884204	730404	58	61000
2023	6,4	2279436	943128	62	73000
2024	6,4	2767632	971292	68	78000

Ескертпе: Авторлар [14] дереккөз негізінде құрастырған.

Корреляциялық талдау мемлекеттік білім шығындары мен грантқа түскендердің саны арасында жоғары оң байланысты анықтады ($r = 0,962$; $p = 0,009$). Бұл бюджеттен білім саласына бөлінетін қаржының ұлғаюы гранттық қолдаудың кеңеюі арқылы жоғары білімнің қолжетімділігінің өсуіне тікелей әсер ететінін білдіреді (8-сурет).

Корреляциялар

		мемлекеттік шығыстар (триллион теңге)	грантқа үміткерлер саны
мемлекеттік шығыстар (триллион теңге)	Пирсон корреляциясы	1	.962**
	мағынасы (екі жақты)		.009
	n	5	5
грантқа үміткерлер саны	Пирсон корреляциясы	.962	1
	мағынасы (екі жақты)	.009	
	n	5	5

** . Корреляция 0,01 деңгейінде маңызды (екі құйрықты).

Сурет 8 – Мемлекеттік шығындар мен грантқа түскендердің саны арасындағы корреляциялық талдау

Ескертпе: Авторлар SPSS бағдарламасында жасаған.

Бұл жағдайда мемлекеттің білім беру саласындағы саясаты сапаны арттыруға емес, қолжетімділікті кеңейтуге бағытталғанын көрсетеді. Атап айтқанда, шығындардың ұлғаюы гранттар санының көбеюіне әкеліп отыр. Мұндай шара әлеуметтік тиімділікке ие болғанымен, барлық жағдайда мемлекеттік білім беру гранттары ең жоғары дайындық деңгейіне ие талапкерлерге беріледі деп нақты айтуға болмайды.

9-суреттегі деректер мемлекеттік қаржыландыру мен ҰБТ орташа ұпай арасындағы теріс байланысты көрсетеді, яғни мемлекеттік білім шығындарының өсуі немесе төмендеуі ҰБТ орташа ұпайына статистикалық мағынасы бар әсер етпейді.

Корреляциялар		мемлекеттік шығыстар (триллион теңге)	Орташа ЕНТ ұпайы
мемлекеттік шығыстар (триллион теңге)	Пирсон корреляциясы	1	-.050
	мағынасы (екі жақты)		.936
	n	5	5
ҰБТ-ның орташа балы	Пирсон корреляциясы	-.050	1
	мағынасы (екі жақты)	.936	
	n	5	5

Сурет 9 – Мемлекеттік шығындар мен ҰБТ орташа ұпайы арасындағы корреляциялық талдау

Ескертпе: Авторлар SPSS бағдарламасында жасаған.

Бұл дегеніміз білім беру сапасының деңгейі (бұл жағдайда ҰБТ орташа баллы) жалпы қаржыландыру көлемімен емес, басқа факторлармен анықталады. Бұл жағдайда теріс тәуелділіктің себептерінің бірін педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстардың үлесі деп атауға болады, олардың үлесі мамандардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға арналған шығыстардың жалпы көлемінде 2023 жылмен салыстырғанда 2024 ж. 5,5%-ға қысқарды (4, 5-суреттер), ал білім беруге арналған мемлекеттік инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы шамамен 1%-ды құрағанын көреміз.

Өсіп келе жатқан мемлекеттік шығындардың едәуір бөлігі әкімшілік және көмекші функцияларға (коммуналдық қызметтер, күзет, жөндеу жұмыстарына) бағытталуда. Бұл шығындар мектептердің қалыпты жұмыс істеуі үшін маңызды болғанымен, олардың оқу сапасына тікелей әсер етпейді. Сондықтан білім беру нәтижелері мен ҰБТ көрсеткіштері арасындағы төмен корреляция мұғалімдерге жұмсалатын қаражат құрылымымен ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беру бюджетінде оқу процесіне тікелей бағытталатын шығындардың жоғары үлесімен де түсіндіріледі.

Демек, білім беру сапасы (және оған байланысты ҰБТ-ның орташа баллы) қаржының жалпы көлеміне емес, оның тиімді жұмсалыуына, атап айтқанда, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға, оқу бағдарламаларын жетілдіруге, инфрақұрылымды дамытуға және олардың әсер ету мерзіміне тәуелді. Инфрақұрылым мен кадрлық әлеуетке бағытталған инвестициялар өз нәтижесін бірден емес, бірнеше жыл өткен соң, белгілі бір уақыттық кідіріспен береді. Сонымен қатар, ҰБТ-ның орташа баллына тестілеу әдістемесі, тапсырмалардың күрделілік деңгейі, демографиялық өзгерістер және басқа да бірқатар факторлар ықпал етуі мүмкін.

SPSS бағдарламасында регрессиялық модельді пайдалана отырып, халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары білім беру сапасына қалай әсер ететінін анықтаймыз. X осі бойынша халықтың жан басына шаққандағы табыстарын (жылына теңге), ал Y осі бойынша грантқа түскендердің санын аламыз. Суретте біз теңдеулері бар екі регрессиялық сызықты көреміз:

$$y = 3,68E5 + 0,81 \cdot x$$


$$y = 2,18E3 + 0,03 \cdot x$$

Анықтау коэффициенті $R^2 = 0,814$ гранттар санының өзгеруінің 81,4%-ы халықтың кірісіне байланысты екенін білдіреді.

Демек, жан басына шаққандағы орташа табыс грант алған студенттер санымен тығыз байланысты.

Кірістер өскен сайын гранттар саны артып келеді. Регрессия теңдеуі табыстың 1 теңгеге өсуімен грантқа түскендердің саны орта есеппен өсетінін көрсетеді (сызықтың көлбеуі оң). $R^2 = 0,814$ модель өзгерістерінің 80%-дан астамын түсіндіретінін білдіреді, бұл әлеуметтік – экономикалық деректер үшін өте жақсы нәтиже. Бұл корреляциялық талдау нәтижелерін растайды.

Табыс пен гранттар саны арасындағы жоғарыда анықталған анықтау коэффициенті ($R^2 = 0,814$) әлеуметтік ұтқырлықтың төмен әлеуетін көрсетеді. Шын мәнінде, тегін жоғары білімге (негізгі әлеуметтік лифт) қолжетімділік көбінесе отбасының қаржылық жағдайымен алдын-ала айқындалады. Мұндай тәуелділік тең мүмкіндіктер қағидатына қайшы келеді және аз қамтылған халық топтары арасында адами капиталдың дамуының баяулауына немесе тоқырауына әкелуі мүмкін [16].



Сурет 10 – Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысының тәуелділігін және ЖОО-ға грантқа түскендердің санын регрессиялық талдау

Ескертпе: Авторлар SPSS бағдарламасында жасаған.

Халықтың білімге жұмсаған шығындары мен ҰБТ орташа ұпайы, сондай-ақ грантқа түскендердің саны арасындағы тәуелділікті талдаймыз (11, 12-суреттер).

Корреляциялар			
		Халықтың білім беруге жұмсалған шығыны жан басына шаққандағы, жылына теңге	Орташа ЕНТ ұпайы
Халықтың білім беруге жұмсалған шығыны жан басына шаққандағы, жылына теңге	Пирсон корреляциясы (екі құйрықты)	1	-.219
	n	5	5
			.723
ҰБТ-ның орташа балы	Пирсон корреляциясы	-.219	1
	мағынасы (екі жақты)	.723	
	n	5	5

Сурет 11 – Халықтың білімге жұмсаған шығындары мен ҰБТ орташа ұпай арасындағы тәуелділіктің регрессиялық талдауы

Ескертпе: Авторлар SPSS бағдарламасында жасаған.

Бірінші жағдайда да халықтың білімге жұмсалған шығындары мен ҰБТ орташа ұпайы арасында теріс байланыс байқалады, яғни білімге жұмсалатын шығындардың өсуі немесе төмендеуі ҰБТ орташа ұпайына статистикалық мағынасы әсер етпейді. Бұл – аса маңызды нәтиже. Ол жеке шығындардың барлығы бірдей тиімді емес екенін немесе олардың басқа мақсаттарға

(мысалы: қабылдау талаптары төмен жеке жоғары оқу орындарында білім алу ақысын төлеуге) бағытталуы мүмкін екенін көрсетеді. Жеке шығындар кей жағдайларда мәжбүрлі сипатта болуы мүмкін, мысалы: мемлекеттік білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді өтеу мақсатында. Алайда мұндай шығындардың тиімділігі репетиторлар мен дайындық курстарының сапасының төмендеуі немесе басқа да факторларға байланысты шектелуі мүмкін.

Корреляциялар

		Халықтың білім беруге жұмсалған шығыны жан басына шаққандағы, жылына теңге	грантқа үміткерлер саны
Халықтың білім беруге жұмсалған шығыны жан басына шаққандағы, жылына теңге	Пирсон корреляциясы	1	.945
	мағынасы (екі жақты)		.015
	n	5	5
грантқа үміткерлер саны	Пирсон корреляциясы	.945	1
	мағынасы (екі жақты)	.015	
	n	5	5

*. Корреляция 0,05 деңгейінде маңызды (екі құйрықты).

Сурет 12 – Халықтың білімге жұмсаған шығындары мен грантқа түскендердің саны арасындағы тәуелділіктің регрессиялық талдауы

Ескертпе: Авторлар SPSS бағдарламасында жасаған.

Екінші жағдайда корреляциялық талдау халықтың білімге жұмсаған шығындары мен грантқа түскендердің саны арасында жоғары оң байланысты көрсетеді ($r = 0,945$; $p = 0,015$). Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы білімге жұмсалатын шығындардың өсуімен мемлекеттік гранттар жүйесі арқылы тегін білім алудың қолжетімді болуымен бірге жүреді (12-сурет).

2-кестенің көрсеткіштеріне назар аударатын болсақ, аймақтарды жан басына шаққандағы орташа табыс деңгейі бойынша үш топқа бөлуге болады (1 топ – 200000–300000 теңге; 2 топ – 300000–400000; 3 топ – 400000-нан жоғары). ҰБТ нәтижелері бұл экономикалық айырмашылықтардың білім сапасына тікелей әсер етпейтінін көрсетеді. Мысалы, табысы төмен аймақтардан Түркістан облысында 13 оқушы, ал Жамбыл облысында 20 оқушы 100 балдан жоғары нәтиже көрсеткен. Бұл аймақтарда мемлекеттік мектептердегі мұғалімдердің кәсіби деңгейі жоғары болуы немесе білімге деген әлеуметтік сұраныс пен ата – аналардың талап деңгейі күшті болуы ықтимал.

Орташа табысты аймақ Ақтөбе облысында 14 оқушы жоғары балл алған болса, табысы ең жоғарғы аймақтардың бірі Алматы қаласында мұндай оқушылар саны 16-ға тең. Бұл көрсеткіштер табыс деңгейі мен білім нәтижелері арасында тікелей пропорционал байланыс жоқ екендігін айқындайды.

Атырау мен Маңғыстау сияқты мұнайлы аймақтарда, сондай-ақ Астана қаласында жан басына шаққандағы орташа табыс жоғары болғанымен, ҰБТ-да 100 баллдан жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар саны салыстырмалы түрде аз. Бұл жағдай білім сапасының тек табыс деңгейіне ғана емес, сонымен бірге аймақтағы білім беру инфрақұрылымының (мектептердің жабдықталуы, жоғары білікті кадрлардың шоғырлануы) және әлеуметтік-мәдени капиталдың деңгейіне де байланысты екенін көрсетеді. Мұнайлы аймақтарда табыстың басым бөлігі басқа салаларға (тұтыну, жылжымайтын мүлік) жұмсалып, білімге деген бәсекелестік пен қоғамдық талаптың төмен болуына ықпал етуі мүмкін.

Түркістан облысында жан басына шаққандағы орташа табыс ең төмен (266 590 теңге) болғанымен, ҰБТ-ға қатысқан оқушылардың жалпы саны ең көп (1474) адам. Алайда олардың ең үлкен бөлігі (633) 50–69 балл аралығында жинаған және 0 балл алған балалар саны да осы аймақта басымырақ. Бұл Түркістан облысында білім берудің қолжетімді болғанымен, оның сапасы әлі де төмендеу екенін көрсетеді.

Кесте 2 – 2024 ж. Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы мен ҰБТ нәтижелері

Облыс	Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы, тенге	ҰБТ нәтижелері						
		0	1-49	50-69	70-99	100-129	130-139	140
Ақмола	328210	0	106	115	35	1	0	0
Алматы	308314	2	355	261	61	8	0	0
Ақтөбе	368600	0	290	254	51	14	0	0
Атырау	590758	0	210	163	38	5	0	0
Батыс Қазақстан	340084	0	84	94	26	0	0	0
Маңғыстау	568889	0	305	333	52	8	0	0
Шығыс Қазақстан	360098	0	35	57	16	0	0	0
Жамбыл	279645	1	266	212	46	20	0	0
Қарағанды	374937	0	202	221	48	5	0	0
Қызылорда	325206	0	135	170	25	3	0	0
Түркістан	266590	3	723	633	102	13	0	0
Қостанай	338366	0	59	81	29	1	0	0
Павлодар	361065	0	66	67	29	4	0	0
Солтүстік	286956	0	33	57	16	1	0	0
Алматы қ	471264	0	412	463	152	16	0	0
Шымкент қ	309733	0	397	401	62	7	0	0
Абай	334507	0	101	111	24	6	0	0
Жетісу	280464	1	100	114	27	0	0	0
Ұлытау*	314824	0	59	43	8	8	0	0
Астана қ	504212	0	259	373	170	4	0	0
*– 2024 ж. көрсеткіштер болмағандықтан 2025 ж. 1-тоқсанындағы көрсеткіші алынды								
Ескертпе: Авторлар [12, 15] дереккөздер негізінде құрастырған.								

3-кестенің деректері бойынша ең төмен нәтижелердің шоғырлануы Алматы мен Атырау облыстарында байқалады (әсіресе Алматы облысының ауылдық жерлерінде). Бұл аймақтарда әрбір екінші түлектің (50%-дан астамы) төмен балл жинауы мектептегі оқыту процесінің тиімділігінің төмендігін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, осы аймақтардың тұрғындарының қаржылық теңсіздік жағдайында қосымша дайындыққа мүмкіндігі жоқтығын айғақтайды.

Жалпы республика бойынша 100 баллдан жоғары нәтиже көрсеткен түлектердің үлесі өте төмен, көпшілік аймақтарда бұл көрсеткіш небәрі (1%–2% аралығында) байқалады. Бұл мемлекеттік гранттардың өте шектеулі бәсекелестік ортада бөлінетінін көрсетеді. Бұл нәтижелер бұған дейінгі табыс пен гранттар арасындағы тікелей байланыс туралы қорытындыны күшейтеді: жоғары балл жинау – бұл сирек құбылыс, және оған қол жеткізгендердің басым бөлігі қаржылық мүмкіндігі жоғары отбасылардан шығуы мүмкін.

Барлық облыстарда дерлік түлектердің ең үлкен бөлігі (43%–68% аралығында) орташа балл жинаған (50–99 балл). Ең жоғары үлес Солтүстік Қазақстан (68,2%) және Шығыс Қазақстан (67,6%) облыстарында. Бұл оқушылардың көпшілігінің жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсуге мүмкіндігі бар екенін көрсетеді (таңдалған мамандыққа байланысты). Алайда, егер олардың отбасыларының табысы төмен болса, бұл орташа нәтиже де олар үшін теңсіздіктің жаңа кезеңіне ақылы оқуды төлеу қиындығына әкеледі. Сонымен қатар, бұл аймақтарда жоғары балл жинауға бағытталған тиімді дайындық жүйесінің жеткіліксіздігін айғақтайды.

Кесте 3 – 2024 ж. Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша ҰБТ нәтижелерінің балл аралықтарындағы үлестірілуі, %

Облыс	ҰБТ баллдары			
	ҰБТ-ға қатысқан балалардың саны	0-49	50-99	100-ден жоғары
Ақмола	257	41,2	58,4	0,4
Алматы	687	52,0	46,9	1,2
Ақтөбе	609	47,6	50,1	2,3
Атырау	416	50,5	48,3	1,2
Батыс Қазақстан	204	41,2	58,8	0
Маңғыстау	698	43,7	55,2	1,1
Шығыс Қазақстан	108	32,4	67,6	0
Жамбыл	545	49,0	47,3	3,7
Қарағанды	476	42,4	56,5	1,1
Қызылорда	333	40,5	58,6	0,9
Түркістан	1474	49,3	49,9	0,9
Қостанай	170	34,7	64,7	0,6
Павлодар	166	39,8	57,8	2,4
Солтүстік	107	30,8	68,2	0,9
Алматы қ.	1043	39,5	59,0	1,5
Шымкент қ.	867	45,8	53,4	0,8
Абай	242	41,7	55,8	2,5
Жетісу	242	41,7	58,3	0
Ұлытау*	118	50,0	43,2	6,8
Астана қ.	806	32,1	67,4	0,5

Ескертпе: Авторлар [17] дереккөз негізінде құрастырған.

Осы талдау негізінде, білім сапасының теңсіздігі Қазақстанда тек гранттар санымен ғана емес, сонымен қатар ҰБТ нәтижелерінің ішкі құрылымымен де анық көрінеді. Облыстар арасындағы 100-ден жоғары балл жинағандардың үлесінің ауытқуы қаржылық теңсіздік пен сапалы дайындық ресурстарына қолжетімділік мәселесін өңірлік тұрғыда тереңдетеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері көрсеткендей:

Регрессиялық талдау мемлекеттік гранттарды алудағы вариацияның 81,4%-ы халықтың табыс деңгейімен айқындалатынын көрсетті, ал жалпы мемлекеттік қаржыландырудың өсуі ҰБТ-ның орташа балының жоғарылауымен өзара байланысты емес (корреляциясы жоқ).

Бұл Қазақстандағы тегін жоғары білім алу мүмкіндігі ішінара жекешелендірілгенін растайды, бұл әлеуметтік ұтқырлықты (мобильділікті) қамтамасыз етудің орнына, әлеуметтік теңсіздіктің сақталуына әкеледі.

Аталған тетік өңірлік теңсіздікті күшейтіп, репетиторлық қызметтердің көлеңкелі нарығын ынталандырады, бұл ҰБТ жүйесіне объективті әлеуметтік лифт ретіндегі сенімділікке нұқсан келтіреді.

Емтиханның жоғары қаржылық мөлшерлемесі (ставкасы) талапкерлерде артық психологиялық қысым және стресс пен үрейдің жоғары деңгейін тудырады, бұл атаулы қолдау және психологиялық сүйемелдеу тетіктерін енгізуді талап етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстандағы білім беру жүйесіне қаржылық теңсіздіктің елеулі ықпалын тигізетінін айтарлықтай растады. Корреляциялық және регрессиялық талдау нәтижелері

білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру көлемі мен білім сапасы (ҰБТ-ның орташа баллы) арасында сәйкессіздік бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, мемлекеттік шығындардың артуы, негізінен, қолжетімділікті кеңейтуге (гранттар санының өсуіне) бағытталғанымен, орташа балдың артуына статистикалық тұрғыда мәнді әсер етпейтіні анықталды [18]. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері мемлекеттік білім беру грантын алу ықтималдығының мықты болжаушысы ретінде халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табысын айқындады. Бұл дерек қаржылық теңсіздіктің шешуші факторға айналып отырғанын көрсетеді: тегін жоғары білімге қолжетімділік көбіне жеке дайындыққа (репетиторлық, дайындық курстарға) қаражат сала алатын отбасыларға тиесілі болуда.

Бұл алшақтықты азайту және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін мыналар ұсынылады:

Педагогтердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау бағдарламаларына бағытталған мемлекеттік шығындардың үлесін қазіргі шамамен 1%-дан ЭЫДҰ елдеріндегі деңгейге дейін ұлғайту.

Әлеуметтік осал топтардан шыққан дарынды талапкерлерге қолдау көрсетуге арналған нысаналы бағдарламаларды әзірлеу және қаржыландыру (мысалы: тегін дайындық курстары, репетиторлыққа арналған стипендиялар). Бұл бастама отбасылық табыстың мемлекеттік грант алуға әсерін азайтуға бағытталады, мұндай әсер регрессиялық талдау барысында анықталған.

Мемлекеттік қашықтықтан білім беру платформалары мен ресурстарының қолжетімділігі мен сапасын едәуір кеңейту және қаржыландыруды қамтамасыз ету. Бұл шара барлық оқушылардың географиялық орны мен әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы оқу материалдарына тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҰБТ қаржылық және өңірлік теңсіздік айқын көрініс тауып, бекітілетін негізгі кезең болып табылатындықтан, авторлар оны ұйымдастыруды жетілдіру және үдерістің барлық қатысушыларының жауапкершілігін арттыру бойынша келесі шараларды енгізуді қажет деп санайды:

Мектептерді сараланған бағалау жүйесін енгізу. Бұл жүйе түлектердің жалпы санына ғана емес, сонымен қатар межелі балды (100-ден жоғары) бағындырған оқушылардың үлесіне және төменгі балл ауқымында (0–49 балл) тест тапсырған оқушылардың үлесіне негізделуі тиіс. Табысы төмен өңірлердегі мектептерге ерекше назар аудару қажет (2-кесте талдауының нәтижелері бойынша). Қазіргі жүйе «Табыс – Грант» арасындағы тығыз байланыспен дәлелденгендей, жауапкершілікті ата-аналарға (репетиторлық арқылы) және талапкерлерге аударады. Мектептердің қорытынды нәтиже үшін жауапкершілігін күшейту – базалық мектеп даярлығының сапасын арттырудың және көлеңкелі репетиторлықпен күресудің тікелей тетігі деп санаймыз.

ҰБТ өткізу орталықтарында және прокторинг кезінде міндетті психологиялық сүйемелдеуді енгізу. Прокторингті жүргізуге жасөспірімдік дамудың, стресс психологиясының және дағдарыс жағдайларының ерекшеліктерін білетін, арнайы дайындықтан өткен мамандарды тарту қажет. Емтиханның жоғары қаржылық мөлшерлемесі талапкерлерде артық психологиялық қысым мен стресс деңгейін тудырады. Сауатсыз прокторинг және тым қатаң рәсімдер үрейді күшейтіп, талантты, бірақ эмоционалды осал балалардың нәтижелеріне кері әсерін тигізуі мүмкін, бұл аттестаттаудың объективтілігін бұзады.

Ұсынылған шараларды – мемлекеттік шығыстарды құрылымдық қайта қарау мен атаулы қаржылық қолдаудан бастап, ҰБТ аясындағы ізгілендіруге және жауапкершілікті арттыруға дейінгі шараларды іске асыру қаржылық және өңірлік теңсіздікті азайтуды қамтамасыз етеді. Бұл, өз кезегінде, кедейлікті төмендетудің, адами капиталдың сапасын арттырудың және елдің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етудің шешуші факторы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Котомина О.В., Сажина А.И. Влияние семейных факторов на академическую успеваемость обучающихся // Отечественная и зарубежная педагогика. – 2021. – Т. 1. – № 1(74). – С. 143–156.
- 2 Chen X., Chen Y., Yu X., Wei J., Yang X. The impact of family socioeconomic status on parental involvement and student engagement during COVID-19 in promoting academic achievement: A longitudinal study in Chinese children. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jecp.2024.105992>
- 3 Qi D., Wu Y. Family's social economic status and child educational outcomes in China: The mediating effects of parenting practices and children's learning attitudes. URL: <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2020.105387>
- 4 Guo Z. An Analysis of the Influence of Family Socioeconomic Status on Students Academic Performance // Proceeding of the 3rd International Conference on Social Psychology and Humanity Studies. URL: <https://doi.org/10.54254/2753-7048/84/2025.20619>
- 5 Scott Joseph Warren, Elisabeth Boston Vogt, Brent Tincher, Junhe Yang. Enhancing quality assurance through strategic artificial intelligence integration: a framework for higher education digital transformation. URL: <https://doi.org/10.1108/QAE-09-2024-0183>
- 6 Kopeyeva A. Understanding Factors behind Regional Inequality in Education in Kazakhstan. URL: <https://doi.org/10.17059/ekon.reg.2023-3-10>
- 7 William Joel Marin-Rodriguez, Daniel Cristobal Andrade-Giron, Marcelo Rojas, Edgar Tito Susanibar-Ramires. International research on accreditation as a strategy for educational quality: identification of patterns in scientific collaboration Available to Purchase. URL: <https://doi.org/10.1108/QAE-02-2025-0061>
- 8 Anderson J., Taner G. Building the expert-teacher prototype: Metasummary of teacher-expertise studies in primary-secondary education // Educational Research Review, 38. URL: <https://doi.org/10.1016/j.edurev.2022.100485>
- 9 Świerkocki M. The Link Between Economic Inequalities and Quality of Education: Evidence from Poland and Finland // Interchange 55. 2024, pp. 115–136. URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10780-024-09516-z>
- 10 Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin> (өтініш берілген күн: 13.08.2025)
- 11 Нурбаев Ж. Неравенство в системе среднего образования: анализ политики реформирования малокомплектных школ Республики Казахстан. – Астана, 2021. URL: <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/>
- 12 Валентинов А. Дорогое недорогое образование: почему студент из Казахстана дешевле студента из Швеции в 10 раз. URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6435147-dorogoe-nedorogoe-obrazovanie-pochemu-student-iz-kazakhstana-deshevle-studenta-iz-shvetsii-v-10-raz.html>
- 13 Рейтинг стран мира по индексу уровня образования. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/education-index>
- 14 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-талдау жүйесі. URL: <https://taldau.stat.gov.kz/kk/Search/SearchByKeyword> (өтініш берілген күн: 08.09.2025)
- 15 Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрлігі. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=kk> (өтініш берілген күн: 18.09.2025)
- 16 Soyhunlo Sebu. Access to Quality Education, a Basic Right of Every Child // Journal of Education, Society and Behavioural Science. 2023, no. 36(7), pp. 41–46. URL: <https://doi.org/10.9734/jesbs/2023/v36i71234.15>
- 17 Ұлттық тестілеу орталығы. URL: <https://testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-ent> (өтініш берілген күн: 06.10.2025)
- 18 Kazakhstan Poverty and Equity Assessment. International Bank for Reconstruction and Development. World Bank, 2024. URL: <https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/099121024150515312/p5011041791e5c07c19b3d16b0aec7ce53>

REFERENCES

- 1 Kotomina O.V., Sazhina A.I. (2021) Vlijanie semejnyh faktorov na akademicheskiju uspevaemost' obuchajushhihsja // *Otechestvennaja i zarubezhnaja pedagogika*. Vol. 1. No. 1 (74). P. 143–156. (In Russian).
- 2 Chen X., Chen Y., Yu X., Wei J., Yang X. The impact of family socioeconomic status on parental involvement and student engagement during COVID-19 in promoting academic achievement: A longitudinal study in Chinese children. URL: <https://doi.org/10.1016/j.jecp.2024.105992> (In English).
- 3 Qi D., Wu Y. Families social economic status and child educational outcomes in China: The mediating effects of parenting practices and childrens learning attitudes. URL: <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2020.105387> (In English).
- 4 Guo Z. An Analysis of the Influence of Family Socioeconomic Status on Students Academic Performance // *Proceeding of the 3rd International Conference on Social Psychology and Humanity Studies*. URL: <https://doi.org/10.54254/2753-7048/84/2025.20619> (In English).
- 5 Scott Joseph Warren, Elisabeth Boston Vogt, Brent Tincher, Junhe Yang. Enhancing quality assurance through strategic artificial intelligence integration: a framework for higher education digital transformation. URL: <https://doi.org/10.1108/QAE-09-2024-0183> (In English).
- 6 Kopeyeva A. Understanding Factors behind Regional Inequality in Education in Kazakhstan. URL: <https://doi.org/10.17059/ekon.reg.2023-3-10> (In Russian).
- 7 William Joel Marin-Rodriguez, Daniel Cristobal Andrade-Giron, Marcelo Rojas, Edgar Tito Susanibar-Ramires. International research on accreditation as a strategy for educational quality: identification of patterns in scientific collaboration Available to Purchase. URL: <https://doi.org/10.1108/QAE-02-2025-0061> (In English).
- 8 Anderson J., Taner G. (2022) Building the expert-teacher prototype: Metasummary of teacher-expertise studies in primary-secondary education // *Educational Research Review*. Vol. 38. URL: <https://doi.org/10.1016/j.edurev.2022.100485> (In English).
- 9 Świerkocki M. (2024) The Link Between Economic Inequalities and Quality of Education: Evidence from Poland and Finland // *Interchange* Vol. 55. P. 115–136. URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10780-024-09516-z> (In English).
- 10 Qazaqstan Respublikasynyñ Qarjy Ministrlyǵı. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin> (ötiniş berilgen kün: 13.08.2025) (In Kazakh).
- 11 Nurbaev Zh. (2021) Neravenstvo v sisteme srednego obrazovanija: analiz politiki reformirovanija malokomplektnyh shkol Respubliki Kazahstan. Astana. URL: <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/> (In Russian).
- 12 Valentinov A. Dorogoe nedorogoe obrazovanie: pochemu student iz Kazahstana deshevle studenta iz Shvecii v 10 raz. URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6435147-dorogoe-nedorogoe-obrazovanie-pochemu-student-iz-kazahstana-deshevle-studenta-iz-shvetsii-v-10-raz.html> (In Russian).
- 13 Rejting stran mira po indeksu urovnja obrazovanija. URL: <https://gtmarket.ru/ratings/education-index> (In Russian).
- 14 Qazaqstan Respublikasynyñ Strategialyq josparlau jáne reformalar agenttığınıñ Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-талдау жүйесі. URL: <https://taldau.stat.gov.kz/kk/Search/SearchByKeyWord> (ötiniş berilgen kün: 08.09.2025) (In Kazakh).
- 15 Qazaqstan Respublikasynyñ Oqu-aǵartu Ministrlyǵı. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=kk> (ötiniş berilgen kün: 18.09.2025) (In Kazakh).
- 16 Soyhunlo Sebu. (2023) Access to Quality Education, a Basic Right of Every Child // *Journal of Education, Society and Behavioural Science*. No. 36 (7), pp. 41–46. URL: <https://doi.org/10.9734/jesbs/2023/v36i71234.15> (In English).
- 17 Ұлттық тестілеу орталығы. URL: <https://testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-ent> (ötiniş berilgen kün: 06.10.2025) (In Kazakh).
- 18 Kazakhstan Poverty and Equity Assessment. International Bank for Reconstruction and Development. World Bank. (2024) URL: <https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/099121024150515312/p5011041791e5c07c19b3d16b0aecd7cc53> (In English).

РАХИМОВА Г.А.,*¹

к.э.н, ассоциированный профессор.

*e-mail: ragulmira48@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-6004-3569

ТУСИБАЕВА Г.С.,²

к.э.н, ассоциированный профессор.

e-mail: igulmira_80@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6004-3569

ИСКАКОВ Б.М.,³

к.э.н, ассоциированный профессор.

e-mail: Iskakov82@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3989-7631

БАЙТУОВА Л.Т.,¹

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: 1701.86@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4617-5696

¹Казахский агротехнический исследовательский
университет им. С. Сейфуллина,
г. Астана, Казахстан

²Казахский университет технологии и
бизнеса им. К. Кулажанова,
г. Астана, Казахстан

³Университет «Туран-Астана»,
г. Астана, Казахстан

ФИНАНСОВОЕ НЕРАВЕНСТВО В КАЗАХСТАНЕ: АНАЛИЗ ЕГО ВЛИЯНИЯ НА КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Финансовое неравенство в образовании – это одна из наиболее важных проблем современности. Оно оказывает влияние на результаты обучения, приводит к неравенству возможностей, ресурсов и результатов обучения, а в конечном счете оказывает негативное влияние на экономический рост. В исследовательской статье рассмотрена проблема финансового неравенства, которое в настоящее время имеет место быть в системе образования нашей страны и проявляется в отсутствии возможности для большей части населения получить качественное образование. Целью исследования является выявление взаимосвязи между финансово-экономическими показателями (доходами населения, государственными и частными расходами на образование) и качеством образовательных услуг в Республике Казахстан для разработки рекомендаций по снижению существующего неравенства. В работе рассматриваются финансовые аспекты развития образования, проведен анализ государственных и частных финансовых вложений в образовательные учреждения, доходов населения и их влияния на качество получаемого образования. Научная и практическая значимость работы заключается в выявлении взаимосвязи между уровнями социально-экономического развития страны, доходов населения и качества получаемых населением образовательных услуг. В исследовании преимущественно использованы материалы Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам, Национального центра исследований и оценки образования, Министерства просвещения и Министерства финансов Республики Казахстан и исследования Всемирного банка. Представленные рекомендации будут полезны и могут быть использованы государственными органами в сфере образования при разработке программ развития образования и частными структурами.

Ключевые слова: финансовое неравенство, доходы, расходы, инвестиции, образование, зависимость, оценка.

RAHIMOVA G.A.,*¹

c.e.s., associate professor.

*e-mail: ragulmira48@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-6004-3569

TUSSIBAEVA G.S.,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: igulmira_80@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6004-3569

ISKAKOV B.M.,³

c.e.s., associate professor.

e-mail: Iskakov82@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3989-7631

BAITUOVA L.T.,¹

PhD, senior teacher.

e-mail: 1701.86@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4617-5696

¹S. Seifullin Kazakh Agro Technical
Research University,
Astana, Kazakhstan

²K. Kulazhanov Kazakh University
of Technology and Business,
Astana, Kazakhstan

³Turan-Astana University,
Astana, Kazakhstan

FINANCIAL INEQUALITY IN KAZAKHSTAN: ANALYSIS OF ITS IMPACT ON THE QUALITY OF EDUCATION

Abstract

Financial inequality in education is one of the most critical issues of our time. It significantly impacts learning outcomes, leads to disparities in opportunities, resources, and final results, and ultimately has a negative effect on economic growth. This research article addresses the problem of financial inequality currently prevalent in Kazakhstan's education system. This disparity is evident in the lack of access to quality education for a large segment of the population. The goal of the research is to identify the relationship between financial and economic indicators (household income, public and private expenditures on education) and the quality of educational services in the Republic of Kazakhstan, in order to develop recommendations for reducing existing inequality. The paper examines the financial aspects of educational development, analyzing both state and private financial investments in educational institutions, as well as household income and its direct influence on the quality of education received. The scientific and practical significance of this work lies in systematically identifying the core relationship between the country's level of socio-economic development, household incomes, and the quality of educational services received by the population. The study primarily utilizes official materials from the Bureau of National Statistics, the National Center for Educational Assessment, the Ministry of Education, and the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan, alongside data from the World Bank. The practical recommendations presented will be valuable for state bodies in the education sector when formulating educational development programs, and they can also be used by private entities.

Keywords: financial inequality, income, expenses, investments, education, addition, assessment.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.10.2025